

11 Сәуір
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН КҮШЕЙТУДІ ТАПСЫРДЫ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ОЙЫЛ АУДАНЫНДА «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ЖИЫН ӨТТІ. ОТЫРЫСҚА МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН «АҚТӨБЕ» ӘКК БАСШЫЛАРЫ, АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ, 7 АУЫЛДЫҚ ОКРУГТІҢ ӘКІМДЕРІ ҚАТЫСТЫ.



«Ойыл ауданына жұмыс сапары барысында мен бірқатар жобалардың іске асырылуымен таныстым, жергілікті тұрғындармен кездестім. Кейбір ауылдық округтерде инвестиция тарту жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілмейтіні белгілі болды, ал әкімдер «Ауыл аманаты» жобасын толық зерттеп, түсінбеген. Отырыста осы мәселелерді шешу жолдарын талқылаймыз», – деп атап өтті Ералы Тоғжанов. Асқар Қазыбаев ауданда жүргізіл-

ген скрининг нәтижелері, негізгі капиталға инвестициялар тарту және «Ауыл аманатын» іске асыруға қатысты қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады. Бүгінгі таңда Ойыл ауданы бойынша «Ауыл аманаты» жобасына 36 адам өтінім берген, оның 24-і мақұлданса, бесеуіне қаржы бөлінді. «Бұл жоба – жұмыссыздықты жойып, атаулы әлеуметтік көмек алушылардың материалдық жағдайын жақсартып, табысын арттыруға тамаша мүмкін-

дік. Алайда, аудандар бойынша мақұлданған және қаралып жатқан жобалардың саны әлі де аз.

Әрбір жұмыссыз және АӘК алушымен жеке жұмыс істеу, құжаттарына көмектесу, жер учаскелерін немесе үйлерді ресімдеуге қатысты мәселелерді шешуге жәрдемдесу қажет.

«Ауыл аманаты» тек қатысушыларға ғана емес, ауылдарыңыздың және жалпы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін болады. Халықтың

жағдайы жақсарады. Ауыл шаруашылығы кооперативтерін құруға ерекше назар аудару керек, өйткені олар ауылдардың проблемаларын шешуге ықпал етеді», – деп атап өтті өңір басшысы. Жиын соңында облыс бойынша жобаға қатысатын барлық ауылдық округтер әкімдерінің жұмыс нәтижелеріне мониторинг жүргізу, соңғы орындарда тұрғындарды бақылауға алу және тұтастай алғанда жобаны іске асыру жұмыстарын күшейту тапсырылды. **А.МӨЛІКҚЫЗЫ.**

АУДАН ӘКІМІ АУЫЗАШАР БЕРДІ

ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ ЕЛІМІЗ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫМЕН АУЫЗАШАР БЕРІЛСЕ, ОБЛЫСТА ӨҢІР БАСШЫСЫ ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВ ҚОСТАП, АЛ АУДАНДАРДА АУДАН БАСШЫЛАРЫ ОСЫ ИГІ ІСТІ ЖАЛҒАСТЫРДЫ.



Ауызашар дастарханына ауданның құрметті ақсақалдарымен қатар, бірқатар мекеме басшылары, ақ жаулықты аналар шақырылды. Он екі айдың сұлтаны болған Рамазан айы Алла Тағаланың мейірім нұры жауатын, сабырлыққа шақыратын кешірім айы. Шара басталар алдында аудан

басшысы Асқар Қайырғалиұлы сөз алып, Рамазан айымен құттықтап, жиналған жұртшылыққа бейбіт өмір, тыныштық тіледі.

Ойыл аудандық орталық мешітінің найб имамы Сұлтанбек Мұқашов ауыз бекіткен ағайынды қасиетті Рамазан айымен құттықтап, жылы лебізін жолдады.

Сонымен қатар ізгі амалдар мен игі қадамдарға, жақсылық пен рақымшылыққа жетелейтін бұл айдың қадір-қасиеті хақында әңгімеледі. Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәрсенбай Аманғосов Рамазан айы мерекесімен құттықтап, жиналған қауымды береке-бірлікке

шақырса, Ойыл ауданының құрметті азаматы Ғазиз Займолда ақ тілегін арнады. Берекелі отырыста тағылымды насихат айтылды. Жиын соңында ас қайырылып, құран бағыштады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРҒЫДАН ОСАЛ ТОПТАҒЫ АЗАМАТТАРДЫ ҚОЛДАУ БАСТЫ МІНДЕТІН БІРІ

Қазақстан әу бастан-ақ өзінің негізгі бағыттарын айқындап алған елдердің бірі. Ал еліміздің даму стратегиясында халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын қорғау басым бағыттардың бірі ретінде қарастырылған. Әлеуметтік сала қоғам өмірінде басты рөл атқарады. Сол себепті еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап қоғамның әлсіз тұсына баса көңіл бөліп келеді. Әлбетте олардың тағдыры әртүрлі, біреулері туа бітті кемтар атанса, енді біреулері тағдырдың төлкегін бастан кешіріп отыр. Дегенмен, осындай ортадағы адамдарға қамқорлық көрсету - қоғамның зор парызы. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің әр жолдау, үндеуінде басты басымдықты халықтың әл-ауқатына береді. Оның ішінде әлеуметтік тұрғыдан осылап топтағы азаматтар. Еліміздің қай өңірінде

болсын әлеуметтік осал топтар ешқашан назардан тыс қалған емес. Президентіміздің тапсырмасымен биыл бала күтіміне жәрдемақы беру мерзімі 1 жылдан 1,5 жылға ұзартылды. Тұрмысы төмен отбасындағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға берілетін әлеуметтік көмек қайта қаралды. Енді 100 мыңнан астам бала бұл көмекті ақшалай алатын болады. Көпбалалы отбасыларға да айтарлықтай қолдау көрсетіліп жатыр. Жарты миллионнан астам отбасына арнайы жәрдемақы төленеді. Бұл мемлекет, билік тарапынан жасалып жатқан зор қамқорлықтың көрінісі. Сонымен қатар жаңадан сайланған депутаттарға әлеуметтік мәселелерді шешуге белсене, бірлесе атсалысу қажеттігін атап өтті.

Гүлнар САДЫҚОВА,
Ойыл селосы.

ЕЛІМІЗДІҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ - ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ҚҰРУ

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысын ашты. Онда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еліміздің жастары әрдайым менің айрықша назарымда екені баршаға мәлім. Мен билікке ойы озық, білімді жастар келуі керек деп үнемі айтамын. Олар қоғамға жаңа күн-дымылқар әкелуге тиіс», - деді. Расында үкімет басына жастардың барып, елге мүлтіксіз қызмет қылуы елімізде жастарға зор мүмкіндік пен орасан қолдау екені шүбәсіз. Себебі ұлт үмітін арқаулаған ел ертеңі де осы жастар. Мағжанша айтсақ, «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» жастарға сенім артатын уақыт мезгіліне жеткендей. Өйткені қазіргі таңда білімді, ізденімпаз, өнерлі жастарымыз қоғамның қозғаушы күші ғана емес, елдің тірегі, тұтастай мемлекеттің жарқын болашағы. Сондықтан Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ел мүддесі үшін мемлекеттің тағдыршешті қызметтерін жастарға сенім артып, салмағы ауыр іске білек шыбана кірісуге жол ашып берді. Сондай-ақ, Әділетті Қазақстан

дегеніміз-жалаң ұран емес, бұланық ақиқат екенін нақты айта келе алда атқаратын жұмыс көптігінде айқын атап өтті. Тарқатып айтсақ, «Еліміздің мақсаты-әділетті Қазақстан құру. Мұның бәрі бір күнде жасалатын шаруа емес, баршамыз тәртіпті, еңбекқор, білікті, ұқыпты, табанды болуымыз керек. Ең алдымен отаншыл болуымыз қажет. Елімізді өркендету үшін еңбек ету-баршамыздың азаматтық борышымыз», деп барша қазақстандықтарды ала ауыздықтан алшақтап, бір байрақтың астында әлемнің алпауыттарымен бәсекеге қабілетті болуға шақырды. Сонымен қатар ұстаздарға қойылатын талап жоғары болу керектігін де баса назарға қойды. Білім беру саласында ұстаз-ең басты тұлға. Оның қоғамдағы абырой-беделін арттыру үшін мемлекет тарапынан үнемі қолдау жоғары. Осы тұрғы да мен де жастардың бірі ретінде еліме қайтсемде қызмет қылмай қоймайтынма нық сенімдімін.

Мейрамгүл ТӨТТІҒАЛИ,
Ойыл аграрлық колледжінің
арнайы пән оқытушысы.

«АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНА ДА САПАЛЫ ЗАҢДАР ҚАЖЕТ»

Ауыл – қашаннан да қазынаның қайнары. Жер-Ананың ырыздығы жанға да, малға да азық. «Малым - жанымның садағасы, жаным - арымның садағасы» деген бабаларымыз қара жердің де қадірін жақсы білді. Ал, біз бүгін балаларымыздың найзаның ұшы, білектің күшімен қорғаған ұлан-ғайыр даланың қадірін білмегеніміз өз алдына, ұсынған ырысын да ала-алмай отырмыз. Ауылдың айналасын ала шаң қылып, айдаланы қорып отырған шаруашылықтардың кесірі көп. Бұл туралы Парламент палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтты. Яғни, ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану үшін бақылауды күшейту маңызды. «Ауыл – ел бесігі», «Ауыл аманаты» жобалары ауылды дамытуға арналған жаңа тұжырымдамаға арқау болуға тиіс. Топырақтың құнарын сақтап, оны жақсарту үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет», - деді Мемлекет басшысы. Халық даналығы, «Үш жылдығын ойламаған еркектен без!»

- дейді. Соңғы жылдарды айтпағанда жазда жаңбыры тапшы, қыста қары аз, табиғаты әуелден тәуекел аймағына жататын біздің өңірде малдың өрісі де, шабындық та «сұйылып» кетті. Сондықтан, біз соңғы жылдары шабындық алқапқа табиғи ерекшелік шөптің тұқымын себуді қолға алдық. Бұл өз кезегінде құнарлы мал азығын дайындауға мүмкіндік беріп отыр. Алғашқы жылы өзім тәжірибе ретінде жасаған жұмыстың жемісін көріп, әріптестеріме ұсындым. Менің бастамамды қолдағандар сапалы, құнары мол мал азығын әзірлеуге мүмкіндік алғандарын айтады. Өрине, болмашы шығынды сылтау қылып, жердің ырыздығын арттыруға ынтасы жоқтар да бар. Сондықтан да, ауыл шаруашылығы саласындағы реформаларға сапалы заңдар қажет. Бұл мәселеге де бүгінгі жиында мемлекет басшысы ерекше тоқталды.

Жалғас СИДАҒАЛИЕВ,
«Аманат» шаруа
қожалығының төрағасы,
Ойыл селосы.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері,жер учаскесінің лот №	Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі	Жалға беру мерзімі,жыл	Жалпы ауданы, га	Алқаптардың құрамы оның ішінде				Топырақтың сапалық сипаттамасы, орташа балл бонитет	Сүмен қамтылуы
1	Лот 1, учаске №1, Саралжын а/о	ш/қ жүргізу үшін	10 жыл	1000,0	-	953,8	-	46,2	11	қамтылмаған
2	Лот 2, учаске №1 Саралжын а/о	ш/қ жүргізу үшін	10 жыл	50,0	49,9	-	-	0,1	11	қамтылмаған
3	Лот 3, учаске №1 Сарбие а/о	ш/қ жүргізу үшін	10 жыл	1000,0	991,3	-	-	8,7	11	қамтылмаған
4	Лот 4, учаске №1 Саралжын а/о	ш/қ жүргізу үшін	10 жыл	200,0	199,3	-	-	0,7	11	қамтылған

ЕСКЕРТПЕ III

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

- конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- конкурстық ұсыныс;

Конкурстық ұсыныста:

- Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);
 - Шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;
 - Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.
- Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.
- Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң, 15 (он бес) жұмыс күн аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі.** Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады.
- Толық ақпаратты «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен, байланыс телефондары арқылы 8(71332) 2-18-80 алуға болады.**

ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства.

№	Номер лота и место расположения земельного участка	Целевое назначение земельного участка	Срок аренды земем. участка	Площадь, га	Состав угодий в том числе				средний балл бонитет	Оснащен реками, озерами
					Пашня	Пастбища	Сенокос	Другие земли		
1	Лот 1, участок №1, Саралжинский с/о	Для ведения к/х	10 лет	1000,0	-	953,8	-	46,2	11	Не оснащен
2	Лот 2, участок №1 Саралжинский с/о	Для ведения к/х	10 лет	50,0	49,9	-	-	0,1	11	Не оснащен
3	Лот 3, учаске №1 Сарбийский с/о	Для ведения к/х	10 лет	1000,0	991,3	-	-	8,7	11	Не оснащен
4	Лот 2, участок №1 Саралжинский с/о	Для ведения к/х	10 лет	200,0	199,3	-	-	0,7	11	оснащен

Примечание III

Для участия в конкурсе являющийся физическим и юридическим лицами представляет следующие документы:

- заявка на участие в конкурсе;
- конкурсное предложение;

В конкурсном предложении:

- Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания и возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);
 - разработка и освоение внутрихозяйственного землеустроительного проекта, выполнение мероприятий по развитию инфраструктуры сельского хозяйства;
 - обязательства по выполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.
- Предложения представляются в запечатанном конверте, пронумерованым, прошитыми или несмыаемыми чернилами, последняя страница конкурсного предложения заверяется подписью участника – для физических лиц (или поверенного) и подписью первого руководителя (или по доверенности) и печатью (при наличии) – для юридических лиц.

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе производится по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня опубликования извещения о проведении конкурса, в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней. С схемой размещения земельных участков, выставляемых на конкурс можно ознакомиться на интернет-ресурсе местного исполнительного органа, в информационных уголках сельских округов и районного отдела земельных отношений.

Более подробную информацию можно получить в ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» по телефону 8(71332) 2-18-80

КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Қабылдау жүргізетін адамның аты – жөні	Қабылдау күндері мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Ерпан Базарбайұлы Асылбаев Көптоғай ауылдық округі әкімі	Сәуір 6,13,20,27 Мамыр 4,11,18,25 Маусым 1,8,15,22,29 Уақыты сағ: 9:00-ден -12.00-ға дейін	Достық көшесі № 6	74-5-11

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ақтабе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды.

Сенім телефоны 74-5-11, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

2023 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА ІІІ. БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ	Шауменов Нұрлыбек Сағынғанұлы, Округ әкімі	5, 12, 19, 26 сәуір 3, 10, 17, 24,31мамыр 7, 14, 21, 29 маусым Уақыты: сағ. 10:00 ден -12:00 ге дейін	Қаратал ауылы, Сүлеймен әулие көшесі №12	73-2-62 bersiev_79@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ-сының сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 37 – 5 – 34 нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс – пікір салу үшін жәшік орнатылған.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ АЛУҒА УАҚЫТЫАЛЫ ХАБАРЛАСЫҢЫЗ!



2022 жылы зейнет жасына толған және БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, бірақ оларды алуға уақытылы жүгінбеген 7 мыңға жуық адам зейнетақы төлемдеріне ие болды. Оның 4,5 мыңы – әйелдер, 2,5 мыңы – ер адамдар. Бұл БЖЗҚ-ның жыл сайын "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес Акционерлік қоғамымен бірлесіп, зейнет жасына толған және БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, бюджет қаражаты есебінен жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алатын, бірақ төлем алуға Қорға өтініш білдірмеген адамдарды анықтау тұрғысынан жүргізетін салыстырып тексеру нәтижесінде жүзеге асты.

Бұл қызметті Мемлекеттік корпорация аталған санаттағы 24 мың адамға проактивті форматта көрсетті.

Сонымен қатар БЖЗҚ Мемлекеттік корпорациясымен өткізілген іс-шаралардың нәтижелері бойынша алушылардың көрсетілген санатына электрондық пошта және (немесе) ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларының телефон нөмірлері арқылы қосымша таргеттелген ақпарат беру туралы шешім қабылдады.

Таргеттелген ақпараттандыру нәтижесінде Қор 20 мыңға жуық зейнетақы төлемдерін алушыларды хабардар етті.

БЖЗҚ зейнетақыны алуға уақы-

тылы жүгінуді ұсынады және "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес БЖЗҚ-дан міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдеріне белгіленген кесте бойынша зейнет жасына толған адамдардың: ерлер – 63 жасқа толғанда, әйелдер – 61 жасқа толғанда (2028 жылға дейін), сондай-ақ, егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе бірінші және екінші топтағы мүгедектердің құқылы екендіктерін хабарлайды. Бұл ретте, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері өтініш берілген күннен бастап және зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылатынын атап өтеміз.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін ресімдеу үшін: зейнет жасына толғаннан кейін тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелеріне жүгіну қажет; мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікпен – тікелей БЖЗҚ кеңсесіне хабарласуға не электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, БЖЗҚ сайтындағы Жеке кабинетте тиісті өтініш беруге болады.

Толық ақпаратты Қордың кеңселері немесе интернет-ресурстарынан, сондай-ақ, 1418 тегін нөмірі бойынша алуға болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

ОБРАЩАЙТЕСЬ ЗА ПЕНСИЕЙ (СОВРЕМЕННО!)

В 2022 году порядка 7 тыс. лиц, достигших пенсионного возраста и имеющих пенсионные накопления в ЕНПФ, но не обратившихся за ними своевременно, получили пенсионные выплаты, из них 4,5 тыс. – женщины, 2,5 тыс. – мужчины. Это стало возможно в том числе в результате сверки, которую ЕНПФ ежегодно проводит совместно с НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» (Государственная корпорация) на предмет выявления лиц, достигших пенсионного возраста и имеющих пенсионные накопления в ЕНПФ, при этом получающих пенсионные выплаты по возрасту за счет бюджетных средств, но не обратившихся за выплатой в ЕНПФ.

Услуга была оказана Государственной корпорацией в проактивном формате 24 тысячам человек из указанной категории лиц.

Вместе с тем, по результатам проведенных с Государственной корпорацией мероприятий ЕНПФ было принято решение о проведении дополнительного таргетированного информирования указанной категории получателей посредством электронной почты и (или) телефонных номеров абонентских устройств сотовой связи.

В результате таргетированного информирования ЕНПФ было проинформировано порядка 20 тыс. получателей пенсионных

выплат.

ЕНПФ рекомендует своевременно обращаться за пенсией и уведомляет, что согласно Закону Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» на пенсионные выплаты из ЕНПФ за счет обязательных и обязательных профессиональных пенсионных взносов по установленному графику имеют лица, достигшие пенсионного возраста: мужчины - по достижении 63 лет, женщины – 61 года (до 2028 года), а также инвалиды первой и второй групп, если инвалидность установлена бессрочно. При этом отмечаем, что пенсионные выплаты из ЕНПФ назначаются со дня обращения и осуществляются до исчерпания пенсионных накоплений.

Для оформления пенсионных выплат из ЕНПФ в связи: с достижением пенсионного возраста необходимо обращаться в подразделения Государственной корпорации по месту жительства; с инвалидностью первой или второй группы, установленной бессрочно - непосредственно в офис ЕНПФ либо с использованием электронной цифровой подписи подать соответствующее заявление в личном кабинете на сайте ЕНПФ.

Подробную информацию можно получить в офисах или на интернет-ресурсах Фонда, а также по бесплатному номеру 1418.

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

ОРАЗА ТУРАЛЫ ОҰЛАР

Тәрбие
Тәрбие деген сөз бәрімізге түсінікті! Яғни, адам белгілі көлемде, уақытта, жағдайда өзін тәрбиелейді.
Тәрбие дегеніміз — адам өзінің бойындағы жаман әдеттерінен айырылып, жақсы әдеттерді бойына қалыптастыруы.
Бәріміздің бойымызда жаман әдетпен кемшіліктер толы екені анық!
Абай атамыздың өзі:
Бойымдағы кемшілікті санасам,
Тау тасынан аз емес.
Жүрегіме үңіліп қарасам,
ИНЕ дейін таза емес — дейді, дана Абай!
Демек біздің бойымызда, ондай Жаман әдет, кемшілік жоқ деп айту әбестік болары сөзсіз!
Шәкәрім атамыз да:
Біреудің мінін көргенше,
Қателігін тергенше,
Өз ойынды мазалап,
Өз Бойынды тазалап,

Өзімен күрес, өлгенше — дейді.
Өрқайсымызға осылай жасау міндет деп айтсақ қателескен болмаймыз!
Ал, бойдағы мінді, ойдағы кірді тазалау үшін Рамазан айы Таптырмас мүмкіндік айы.
Сабыр
Сабырлылық ұлылардан қалған ұлы күш!
Сабыр сақтау екінің бірінің қолынан келе беретін іс емес, мықты адам ғана сабыр сақтай алады. Ал, Рамазан айының ерекшелігі сонда, Ораза ұстаған әрбір жанның Сабыр сақтауы міндетті, ол сабырлы адам болсын, сабырсыз адам болсын, оған тәуелсіз.
Енді қайтеміз?!
Қазіргі біздің қоғамда сабыр ауадай керек қажеттіліктердің бірі! Себебі, бізді ашуландыратын, күттіретін, мазалайтын, уайымдататын жәйттар көп! Аштыққа да сабыр керек!

Кешірім
Егерде біреуден кешірім күтсең, сен өзің бірінші басқаларға кешірімді болуың керек дейді! Өзің кешірімсіз болып, біреуден кешірім күту ақымақтық. Сондықтан, бұл айда кешірімді болуымыз керек. Ол бұрын ренжіген және алдағы уақытта ренжитін барлық адамды кешіру немесе кешіріммен қарау!
Мейірім
Тағы да Абай атамыз айтқандай: Алланың пендесіне Рахымы мол, Сенде өзіндей адамға Мейірімді бол — дейді.
Біреуден бір үміт немесе мейірім күтсең, өзің бірінші басқаға мейірімді бол.
Әрегіс
Иә, өзгеріс айы! Жалпы өзгеріс дегеніміз — бір заттың бір күйден, басқа бір күйге өтуі. Ал, өзгеріс кез келген адамға қажет болған дүние. Біз қалай өзгереміз?! Біз мінезіміз арқылы өзгереміз!

Мінезің өзгермей өмірің өзгермейді.
Ал, мінезді қалай өзгерте аламыз?! Мінезді, біз бірінші ойымыз, екінші әдетіміз арқылы өзгерте аламыз!
Барлық өзгеріс ойдан басталады. Сол секілді барлық іс-әрекет, ойдан бастау алады.
Сіз ойыңызды өзгерту, яғни жақсы жаққа қарай өзгерту арқылы, жақсы ой ойлау арқылы жақсы әдеттерді қалыптастыра аламыз! Ой арқылы әрекет пайда болады, әрекетіміз әдетке айналады, әдетіміз мінезімізді қалыптастырады, мінез біздің тікелей өмірімізге, тағдырымызға әсер етеді.
Рамазан айы жақсы ой ойлап, жақсы сөз айтып, көптеп жақсы амалдар жасап, жақсы әдеттер қалыптастырып, әдетіміз арқылы мінезімді өзгертіп, мінезімізді өзгерту арқылы Өзімізді, өмірімізді өзгертуімізге көмек беретін ай!

ЕНШІМІЗДЕ – ЕКІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ БАР!

"Ойыл аудандық ветеринариялық стансасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны арқылы тұрғындарға екі қызмет түрі көрсетіледі. ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығы ветеринариялық анықтамалар беру. ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығы ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық паспорт бере отырып бірдейлендіруді жүргізу. 2022 жыл кезеңінде аудан тұрғындарына "Ветеринариялық анықтама беру" жеке тұлға - 5677, заңды тұлғаға - 46 мемлекеттік қызметтер көрсетілді. "Ауыл шаруашылығы жануарларына ветеринариялық паспорт бере отырып бірдейлендіруді жүргізу" жеке тұлға - 41675, заңды тұлға - 228 қызмет көрсетілді. Аталған қызмет түрлері тұрғындардың жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады. ҚР "Ветеринариялық туралы" заңының 25 бабының 5-6 тармақтары негізінде аудан тұрғындарының қосалқы шаруашылығындағы МІҚ, ҰММ телдері 7 күн ішінде, жылқы төлі 4 ай мерзімде бірдейлендіріліп, АШБД енгізілуіне өтініштер беруге, мемлекеттік ветеринариялық қадағалау органдарына жаңадан сатып алынған жануарлар, туған төлдер, олардың сойылғаны мен сатылғаны туралы хабарлауға міндеттеледі. Ауылдық округ пункт меңгерушілері бекітілген мемлекеттік стандарттар мен қағидаларына сәйкес қызмет көрсетуге міндеттенеді. Ветеринариялық анықтама беру жұмыс күндері сағ.900-1230-1400-1830 уақыт аралығында жүзеге асырылады. Мереке, сенбі- жексенбі күндері мемлекеттік қызмет көрсету жұмыстары жүргізілмейді. Аудан тұрғындары өз иелігіндегі малдарына жыл сайын "Ойыл аудандық ветеринариялық стансасына" келіп компьютерлік дерекқорға енгізілген малдарының есебін жүргізіп отыруларына аса назар аударулары керек екендігі ескертіледі. Мемлекеттік қызметтер бойынша пункт меңгерушілері мен жергілікті тұрғындар арасында тығыз жұмыс жүргізіліп отыру керек деп есептейміз.

М.ЖҰМАБАЕВ,

«Ойыл аудандық ветеринариялық стансасы» МКК директоры орынбасары.

ТУЛЯРЕМИЯ

Туляремия – жедел инфекциялық ауру. Кенелердің шағып алуы кезінде жұғатын аса қауіпті табиғи - ошақты инфекциялық ауру. Ауданымызда Ойыл, Саралжын, Қайыңды, Ш.Берсиев атындағы селолық округтерде туляремияның табиғи ошақтары бар. Осы аймақтардың тұрғындарына жыл сайын туляремияға қарсы жоспарлы екпе жасалып, аудан аумағы бойынша көктемде кенелердің белсенді кездерінде туляремия қоздырғыштарының айналымына бактериологиялық зерттеулер жүргізу үшін санитариялық-эпидемиологиялық сала мамандарымен, обаға қарсы күрес бөлімшесімен жыл сайын кенелер жиналып, өзен сулары, жем-шөптер зертханаға жіберіледі. 2022 жылы Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесімен зерттелген кенеден 2 туляремия қоздырғышы анықталды. Атап айтқанда, Тайлақбай және Еңсеген қыстақтарының аумағынан жиналған кенелерден табылып отыр. Аурудың қоздырғышы – туляремия бактериясы. Табиғатта аурудың негізгі көзі – жабайы кеміргіштер мен қояндар. Тасымалдаушылары әрі сақтаушылары – буынаяқты қансорғыштар мен иксодтық кенелер. Жылдың көктем-жаз мезгілдерінде ауру өршиді. Инкубациондық (жасырын) кезеңі – орта есеппен 3-7 күннен 3 аптаға дейін. Ауру қатты басталып, дене қызуы 38-40 градусқа дейін көтеріліп, адам қалтырап, басы қатты ауырып, әлсіреп, бұлшық еттері ауырады, безі шошынып ісіп кетеді. 2-3 күні ағзаға микроб кірген жердің маңайында (мойын, құлақ тұсында, қолтық ойығында, шабында, т.б. жерлерінде) лимфа түйіндері ұлғаяды. Баспа (ангина), көз ауруы, қыс кезінде ұзаққа созылатын екпе қабынуы аурулары байқалады.

Ойыл аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы
ҰСО Ақтөбе облысы филиалының Ойыл аудандық бөлімшесі

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының дәріхана меңгерушісі Кадирова Клраның ардақты әкесі

Әбдіғали Маликовтың
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Оң-солын танып барып ораза ұстағаны дұрыс
Серікжан ЕНШІБАЙҰЛЫ, Ақтөбе облысының бас имамы:
— Ауыз бекітіп, ораза ұстау — бес парыздың бірі. Бірақ балиғат жасына толмаған балаларға шариғатта ораза ұстау міндеттелмейді. Қыз балаға да, ер балаға да 15 жасқа толған кезден бастап құлшылықтар парыз деп есептелген. Жұртшылық ораза ұстау тек таңнан кешке дейін аш жүру еместігін, оның үлкен мақсаттары бар екенін түсінуі керек. Ал жас балалар бұл туралы мәліметті интернеттен емес, ата-аналарынан алуға тиіс.
Жалпы балаға 5-сыныпқа дейін ораза ұстатуды міндеттеудің қажеті жоқ.
Бала оң-солын танып, оразаның негізгі мақсат-міндетін түсінетін кезден бастап ауыз бекітсе де болады. Сондай-ақ адам ораза ұстағанын ешқашан біреуге міндет етпеуі керек. Керісінше, ол бойындағы жаман әдеттерден арылып, мектеп жасындағы бала болса, сабағына көңіл бөлуге тиіс.
Өздеріңіз білетіндей, құлшылық адамға қиындық туғызбайды. Алла тағала Құранда жол жүретін жолаушыға, жүкті, бала емізетін әйелге, денсаулығы жарамсыз адамдарға ораза ұстауды міндеттемейді. Сол секілді балиғат жасына толмаған жас балаға да шариғатымыз ораза ұстауды міндеттемейді. Егер мектеп жасындағы бала өзін тәзімділікке тәр-

биелеу мақсатында ауыз бекітіп, кейін шыдай алмай аузын ашып жіберсе, ол күна болып есептелмейді. Соны естен шығармаған жөн.
Ораза айы басталғалы мешітке тарауық намазын оқуға келетіндер қатары көбейді. Арасында мектеп жасындағы балалар да бар.
Тіпті емізулі баласы бар аналар да келеді. Осы ретте тарауық намазының парыз емес екендігін тағы бір мәрте еске салғым келеді. Біз бұл туралы әр жұма сайын халықпен кездесу барысында ата-аналарға айтып отырамыз. Балаға мәжбүрлеп ораза ұстатып, тарауық намазына қатыстыру міндет емес.
Тарауық намазына қатысқан баланың таңертең ұйқысы қанбай, сабағына кесірін тигізуі мүмкін. Сондықтан ата-аналар қауымы ораза тұтқан баласын ерекше бақылауда ұстап, оның күнделікті режиміне көңіл бөлуі қажет.
Түнде балалардың ағзасында өсу гармоны бөлінеді
Жанар БҰХАРБАЕВА, №1 қалалық емхананың балалар бөлімінің меңгерушісі:
— Балиғатқа немесе кәмелетке толмаған жасөспірімдердің ораза ұстау кезінде ағзаларында әлсіздік, дәрменсіздік пайда болуы мүмкін.
Бұл жағдай балалардың денсаулығына кері әсер етеді. Мәселен, балалар түнде ұйқысын бөліп, сәресін ішуге тұрады. Бұл

кезде жасөспірімдердің өміріне қажет эндокриндік процесс бұзылады. Себебі кез келген баланың ағзасында түн мезгілінде өсу гармоны бөлінеді.
Жалпы елімізде медициналық жағынан ораза ұстаудың зияны туралы нақты дәйектер, ғылыми деректер жоқ, дегенмен дәрігер ретінде айтарым — ауыз бекіту балалардың қалыпты өсуіне әсер етуі мүмкін. Қазіргідей көктем мезгілінде балаларға ашығу, уақытымен тамақ ішпеу зиян.
Себебі олар онсыз да тез шаршап, әлсірейді. Жалпы бұл кезеңде балалардың ағзасына түрлі дәрумендер керек. Ал дәрумендердің көбін біз тамақтану арқылы аламыз. Осыны ата-аналар ескерсе екен дейміз.
Оқушылардың оқуға ынтасы төмендейді
Гүлдана КОЛЕНКИНА, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:
— Қазір мектеп оқушылары арасында ауыз бекітіп жүрген оқушылар жетерлік. Олардың арасында жоғары сыныптың да, 5-9 сыныптың да оқушылары бар.
Ораза ұстаған оқушылар сабақ кезінде ұйқысы қанбай, маужырап отырады, тапсырмаларды орындауға, оқуға құлқы болмай, шаршайды. Жоғары сынып оқушылары, тіпті соңғы сабақтарда партаға жатып алады. Бұл өз кезегінде білім алушылардың оқу үлгеріміне айтарлықтай әсер етеді, олардың білім көрсеткіштері төмендейді.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефонны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Тарапалы 1442 дана. Тапсырыс 502 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ҚАҒАУЫШУ



Үлкейгенде жасыңды еске түсіріп, ойлаудың өзі қорқынышты екен. 67-ге келдім. Бұрынғы жас кезіміздегі егде көрінетін әжелеріміз бен аталарымыздың жасы. Міне, мен де солардай болдым. Бірақ өзіме жаным жас, қартаймаған секілдімін. Бәрібір балалық бал дәуренім, қызылды-жасылды жалауы желбіреген жалынды жастығым, қызығы мол қимас шақтарым сағым болып алыстап кеткенін мойындамасқа шарам жоқ.

Осыдан 3 жыл бұрын облыстық «Мерейлі отбасы» байқауынан жүлделі орынға ие болғанда елордадан тілшілер хабарласып, отбасымыз туралы бірнеше сұрақтар қойды. Соның ішінде “Жұбайыңызбен қашан және қалай таныстыңыз?” - деген сауал да бар еді.

Ойланып қалдым. Қысқаша, “Оралда таныстым” деп айта салу оңай, өрине. Бірақ біздің таныстығымыз бір киноға жүк болардай ұзақ хикая ғой... Сонымен, ойлана келе жас күнімдегі көмекші тарта бастаған көріністерді көз алдыма әкеліп, бәрін еңгіме түрінде баяндауды жөн көрдім.

Облыс орталығынан шалғай жатқан Ойыл ауданындағы қаймағы бұзылмаған қазақ ауылында 10 жылдықты бітірдім. Төртіннен бесік көп аттестатимды қолыма алған менің арманым актриса болу еді. Өйткені бойымда өзім сезінген талант бар еді.

Сол мектеп бітірген жылы біздің «Жекенді» совхозы ауыл шаруашылығынан үздік шығып, Ақтөбедегі телевидениеден арнайы түсіру тобы келді. Совхоз директоры мектеп қабырғасында-ақ танымал болған мені “дикцияң жақсы” деп ауыл өмірі туралы айтуға көндіріп, камераға сөйлетіп қойды.

Менің талабымды бірден таныды ма, телеарна мамандары “Ақтөбеге кел, дикторлықты үйренесің!” - деп үгіттей бастады. Мен үзілді-кесілді қарсылық білдіріп, басымды алып қаштым. Біріншіден, өмірінде қала көрмеген, орыс тіліне шорқақ ауыл қызы үшін бұл ұсынысқа жүрексінбеу мүмкін емес еді. Екіншіден, жалғыз анам да бұл жаңалыққа қуанып, қоштай қойған жоқ. Оқымаған адам бойымдағы талантымды кез-келгенге бұйыра бермейтін мүмкіндік екенін қайдан ұқсын.

Мені көндіре алмаған соң қалалық қонақтар біржолға үмітін үзген шығар десем, олай болмай шықты. Кейін қолға салып ауылға тағы екі рет келді. Надандық-ай, десеңші! Бәрібір бармадым.

Совхоз директорының да, ауыл адамдарының да айқтан ақылы өтпеді. Алдымда кесе-көлденең көп кедергілер тұрғанды көрінетін. Актриса болу үшін Алматыға бару керек, орыс тілін білмеймін, сондықтан біреу жектепп апару керек. Одан қалса, қарақатар да жоқ. Жалғыз анамнан басқа иек артар қамқоршым болмағандықтан, ол мақсатым арман болып қала берді.

Ауыл тірлігінен аса алмайтын апа-кезделерімнен де көмек болмады. Бірақ арманым асқақ еді – қайткенде де оқуға баруым керек. Алдыма қойған мақсатым сол болды.

Анамның: «Қызым-ау, үлкен қаланы көрген жоқсың, жақын жерден, ауданнан ашылып жатқан дүкеншілікті, бухгалтерлікті оқып алсаң да кем болмайсың» - деген өтініш-ұсынысына да құлақ аспадым. Анамның алаңдауды орынды

еді. Мектеп бітіргенше Ақтөбе тұгіл ауданға да сирек баратынмын. Үлкен қаланы өмірімде көрген емеспін. Көрсем жалғыз шығар ма едім, шықпас па едім?... Үлкен қаланы базарлап келгендерден немесе қалада оқитындардан ғана естіп, көз алдыма елестететінмін. Біздің заманымызда, ауылдық жерде теледидар, телефон дегенді шырақпен іздеп таба алмайтынсың.

Сонымен, белді бекем буып, Орал қаласына қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне оқуға баруға жиналдым. Ол кезде филология факультеті Ақтөбеде жоқ болатын.

Ана байғұс уайымдап, шыр-пыры шығып жүр: - Құлыным-ау, Оралда дені орыстар дейді, қалай күн көресің? Ауылдың екі баласы Оралда оқиды екен деп соларға сеніп баруға бола ма? Өзің қыз баласың. Райыңнан қайт, айналайын, - деп күйіп-пісіп, жалынып-жалбарынды.

Анам айтқан ауылдың екі баласы – Күләш Бақтыгереева (қазір марқұм болып кетті), Айтқожа Құтқожин деген екі студент сонда оқиды екен. Солардың оқу орындарының, жатақханасының адресстерін жазып алдым. Бар үмітім сол. Сонда да айтқанымнан қайтпадым. Іштей қатты қорқынышым болса да, «Нартуекел» деп жолға жиналдым.

Марқұм анам мектептің пешін жағып, еденін жуатын. Сол маңдай термен тауып, жинаған ақшасын қолыма ұстатып, апа-кезделерім қолындағы барын беріп, Ақтөбеге мал алып бара жатқан көлікке мінгізіп жіберді.

Ол кезде киімім де жұпыны, сәнмен киінуді білмейміз. Тіпті киінгің келгеннің өзінде жалғыз анаыңның 25 сом ақшасына «Киім алып бер» деп қайдан қиғылық саласың.

Сонымен, қолымда үлкен қара чемодан, ішінде аз ғана киім-кешектен басқасы сықасқан оқулықтар. Емтиханға дайындыққа керек деп бірін қалдырмай салып алғам. Сыймағандарын (ол кезде сумка, пакет дегендер жоқ) жіптен жасалған, қазіргі пияз қаптайтын тор дорбаға тоғыттым.

Ұзақ жүріп Ақтөбеге де жеттік. Қабат-қабат үйлерді, жөңкілген көліктерді, жосылған адамдарды көргеннен-ақ есім шығып кетті. Жүрегім дүрсілдей соғып, бойымды қорқыныш биледі. Арман да, мақсат та жайында қалып, «Осы көліктен кері кетіп қалсам ба екен» - деп те ойладым. Бірақ оқуға барамын деп кетіп, қайтып баруға намысым жібермеді. Бұл – Ақтөбе, алда Оралға баруым керек. Алдым – мұнар. Жалғызбын. Келесі күні, мединститутта оқитын сыныптасым, туысымыздың баласы Болат Аймағанбетов ұшаққа мінгізіп жіберді.

Ұшаққа тұңғыш отыруым. Айналама қараймын, бәрі орыстар. Менің алдымда шляпалары шошайып екі қазақ ағай отыр. Қорқудың көкесі енді басталды. Жүрегім дүрс-дүрс, атқаяқтай соғып, өз-өзімнен буын-буыным босап, әлсіреп кеттім. Бойымды әлдебір дәрменсіздік билеп алды.

Қазір ұшақтан түскеннен кейін де қайда барып, кімге жолығатыным беймәлім. Бар үмітім – алда отырған екі қазақ ағайда. Олармен жүздесіп сөйлеспесем де, соларды бір туысымдай сыртынан жақын тұтып отырмын.

Екі сағатта ұшақ Оралға келіп қонды. Жұрттың бәрі жапа-тармағай түсіп, бір бағытқа кетіп барады. Менің көздегенім – екі ағай, солардың соңынан қалмай ілесіп келемін. Қолымда зілдей қара чемодан мен кітап толы тор дорбам.

Бір кезде бәрі бір автобуска мінді. Мен де сол автобуска жанталаса мініп алдым. Бәрі бір жерге келген соң түсіп қалды. Мен де түстім. Әркім әр жаққа тарап кетіп жатыр. Мен екі қазақ ағайдың соңынан ілестім. Ағайлар артына – маған қарап қояды. Ілесе қуып жеткен мен ағайларға:

- Ағалар, менің Оралға бірінші келуім еді, пединституттың жатақханасына жеткізіп салмайсыздар ма? - деймін, аянышты, жалынышты дауыспен. Ағайлар бетіме қарап: Қарағым, өзіміздің де бірінші келуіміз, - деді де ары қарай жүре берді. Жыларман бо-

лып тұрып қалсам да соңдарынан қалмадым. Олар менен қашқандай болып бір автобуска мінді. Мен де сол автобуска міндім.

Артқы жақтан мінген екі ағай шапшаңырақ алға қарай шығып кетті де, мен қолымдағы асай-мүсейім болғандықтан кептелдім де қалдым.

Автобус іші лық толы орыстар. Жұрт қолын созып ілгіштен ұстап алыпты. Ағайларға қарай өте алмасымды білген соң чемодан мен дорбамды аяғымның үстіне қойғаным сол еді, бір орыс келіншегі менің қолыма бір уыс 5 тиындық қара бақырды төге салды. Шошып кеттім. Келіншекке бір, қолымдағы тиындарға бір қараймын. Келіншектің айтқан “передайте” түсіне алар емеспін. Сүйтіп, не істеу керектігін білмей тұрғанымда тәңіржарылқағыр бір орыс жігіті қасымдағы келіншекке тура маған айтқандай “передайте” деп 5 тиындықтарды бере салды. Әлгі келіншек алдағы біреуді түртіп “передайте” деді де тиындарын соған берді. Мен де жалма-жан “передайте” деп алдымдағы адамға бере салдым. “Уһ” деп бір үлкен пөледен құтылғандай рахатанып тұрғанымда әлгі келіншек тағы “передайте” деп сала құлаш лента қағаз беріп тұр. “Құдай-ау, бұны тағы не істеу керек? Сүйтіп тұрғанда қасымдағы жаңағы келіншекке де сондай қағаз келтстерін жазып алдым. Бар үмітім сол. Сонда да айтқанымнан қайтпадым. Іштей қатты қорқынышым болса да, «Нартуекел» деп жолға жиналдым.

Марқұм анам мектептің пешін жағып, еденін жуатын. Сол маңдай термен тауып, жинаған ақшасын қолыма ұстатып, апа-кезделерім қолындағы барын беріп, Ақтөбеге мал алып бара жатқан көлікке мінгізіп жіберді.

Ол кезде киімім де жұпыны, сәнмен киінуді білмейміз. Тіпті киінгің келгеннің өзінде жалғыз анаыңның 25 сом ақшасына «Киім алып бер» деп қайдан қиғылық саласың.

Сонымен, қолымда үлкен қара чемодан, ішінде аз ғана киім-кешектен басқасы сықасқан оқулықтар. Емтиханға дайындыққа керек деп бірін қалдырмай салып алғам. Сыймағандарын (ол кезде сумка, пакет дегендер жоқ) жіптен жасалған, қазіргі пияз қаптайтын тор дорбаға тоғыттым.

Ұзақ жүріп Ақтөбеге де жеттік. Қабат-қабат үйлерді, жөңкілген көліктерді, жосылған адамдарды көргеннен-ақ есім шығып кетті. Жүрегім дүрсілдей соғып, бойымды қорқыныш биледі. Арман да, мақсат та жайында қалып, «Осы көліктен кері кетіп қалсам ба екен» - деп те ойладым. Бірақ оқуға барамын деп кетіп, қайтып баруға намысым жібермеді. Бұл – Ақтөбе, алда Оралға баруым керек. Алдым – мұнар. Жалғызбын. Келесі күні, мединститутта оқитын сыныптасым, туысымыздың баласы Болат Аймағанбетов ұшаққа мінгізіп жіберді.

Ұшаққа тұңғыш отыруым. Айналама қараймын, бәрі орыстар. Менің алдымда шляпалары шошайып екі қазақ ағай отыр. Қорқудың көкесі енді басталды. Жүрегім дүрс-дүрс, атқаяқтай соғып, өз-өзімнен буын-буыным босап, әлсіреп кеттім. Бойымды әлдебір дәрменсіздік билеп алды.

Қазір ұшақтан түскеннен кейін де қайда барып, кімге жолығатыным беймәлім. Бар үмітім – алда отырған екі қазақ ағайда. Олармен жүздесіп сөйлеспесем де, соларды бір туысымдай сыртынан жақын тұтып отырмын.

Екі сағатта ұшақ Оралға келіп қонды. Жұрттың бәрі жапа-тармағай түсіп, бір бағытқа кетіп барады. Менің көздегенім – екі ағай, солардың соңынан қалмай ілесіп келемін. Қолымда зілдей қара чемодан мен кітап толы тор дорбам.

Бір кезде бәрі бір автобуска мінді. Мен де сол автобуска жанталаса мініп алдым. Бәрі бір жерге келген соң түсіп қалды. Мен де түстім. Әркім әр жаққа тарап кетіп жатыр. Мен екі қазақ ағайдың соңынан ілестім. Ағайлар артына – маған қарап қояды. Ілесе қуып жеткен мен ағайларға:

- Ағалар, менің Оралға бірінші келуім еді, пединституттың жатақханасына жеткізіп салмайсыздар ма? - деймін, аянышты, жалынышты дауыспен. Ағайлар бетіме қарап: Қарағым, өзіміздің де бірінші келуіміз, - деді де ары қарай жүре берді. Жыларман бо-

лып тұрып қалсам да соңдарынан қалмадым. Олар менен қашқандай болып бір автобуска мінді. Мен де сол автобуска міндім.

Адамдардың жолы жеңіл болады. Мүмкін мінезге де байланысты болар, негізі өзім ешкімді жатырқамайтын, кімге болса да адал жүрекпен қарайтын, үнемі жарқын жүретін жанмын.

Дайындыққа барып жүргенде тап өзім секілді, көркем мүсінді талдырмаш, ашық мінезді қызбен таныстым. Ол 18-де, мен 17-де, екеуміз шамалас, мінезіміз ұқсас болған соң ба, бірден тіл табысып кеттік. Кейін ол менің жан досыма айналды. Қиын сәттерде, әсіресе, орыс тілі мен әдебиеті сабақтарынан Дариғаның көмегімен тапсырып шығатынмын.

Ия, сүйтіп Дариға екеуміз 1972 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педгогикалық институтының студенті атандық.

Қала өміріне де үйрене бастадым. Дариға маған қарағанда орыс тіліне ағып тұр. Оның сөйлегеніе қызыға қарайтынмын.

Бірде сабаққа кешігіп бара жатқандықтан әдеттегідей лық толы автобуска алдымыздағыларды кимелей, баса-көктеп міндік. Сол кезде бір орыс әйелі: «Как вам не стыдно,? Бараны!» дегені. Сол кезде найзағай мінез Дариға шыдамады білем: «Біз қой болсақ, сендер арам, сасық шошқасындар. Қорсылдамай жап аузыңды», - деп орыс тілінде әлгі байғұс әйелді сыбап салды.

Студенттік өмірдің талай қызықтарымен 3-курсты да бітірдік. Дариға екеуміздің жұбымыз жазылмайды. Оқытушылардың өзі кейде бізді айыра алмай, Дариғаны Ғазиза, мені Дариға деп шатастырып алып жататын.

Бірде жаздың жаймашуақ күнінде Жайық жағажайына суға түсуге бардық. Өзен жағасы күнге қыздырынып, суға түскен адамнан аяқ алып жүргісіз. Дариға әуелден жақсы жүзеді. Ол бірден суға қойып шықты. Өзімді қолыма алып, әлгі жігітке жақындадым да: “Ағай, менің Оралға бірінші келуім еді, мені пединституттың жатақханасына апарып салмайсыз ба? - дедім қатты сөйлесем жылап қоярдай дауысым дір-дір етіп.

Шарасынан төгілгелі тұрған көз жасымды көріп менің мүсәпір халіме жаны ашып кетті ме, сөзге келмей: – Жарайды, қарындасым, апарып салайын, - деді.

Мұндай қуанбасын. Бір кезде: Түсеміз қарындас, - деп чемодан мен дорбамды алды. Біздің түскеніміз институттың алдындағы №1-автобустың аялдамасы екен. Пединституттың артқы жағында жатахана орналасқан. Адрес бойынша іздеп келеміз. Жатақхананың ішіне кіріп, қабатта ілүлі тұрған тізімнен Күләш Бақтыгерееваның аты-жөнін тауып алды да, солардың бөлмесіне өкелді. Есік құлыптаулы. Тағы маңдайым тасқа соғылғандай болды. Жігітке жалтақ-жалтақ қараймын. Байқаймын, жігіт әлденеге асығулы. Ойлағанымдай: «Қарындас, кешіріңіз, мен өте асығыс едім, сіз іздеген Айтқожа Құтқожин деген жігіттің де аты-жөні тізімде бар екен. 3-қабат, 312-бөлме, соған барыңыз, болмаса осы жерде күтіңіз, іздеген қызыңыз келіп қалар, - деді.

- Рахмет, ағай, ары қарай өзім тірлік жасармын деп амалсыз қоршастым. Тіпті аты-жөні кім екенін де сұрамаппын. Ол кезде ондайды білмейтін де едік қой.

Чемоданымды сүйретіп 3-қабатқа көтерілдім. 312-бөлмені таптым. Есік қағуды білмейтін ауыл қызының дағдысымен есіктен баса-көктеп кіріп барсам, төрт жігіт терезені қымтап қойып, жарытылай жалаңаш ұйықтап жатыр екен. Мен сасқанымнан кері атып шықтым. Оянып кеткен жігіттер де шошып кеткен болуы керек. Сәлден соң бір жігіт шығып жөн сұрады.

Айтқожа іште екен. Мені көріп таңғалып жатыр. Оқу іздеп келе жатқанымды естіп, Күләштардың киноға кеткенін айтып, ішке кіргізді.

Күләштардың қасында емтиханға дайындалып біраз жаттым. Ол кезде әр сабақтың арасына 5-10 күн салып тапсырмамыз. Күләш туған апамдай болды. Сүйтіп сабақтарымның орыс тілінен басқасын 4 пен 5-ке тапсырып, оқуға түстім.

Біраздан соң өз бетіммен институтқа барып келуді, дүкеннен тамақ әкелуді үйрендім. Несін айтасың, Күләштің көп еңбегі сіңді.

Орыс тілі демекші, кейде бір

ОРАЗАДАҒЫ ОН ИГІ ІС



Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен басталған «Оразадағы он игі іс» акциясы өз жалғасын табуда.

Қайырымдылық акциясының төртінші шарасы «Тегін әлеуметтік көмек» деп аталды. Аудандағы 5 отбасыға азық-түлікпен көмек көрсетілді. Бесінші қайырымдылық акциясы «Жас кәсіпкерден жақсы іс». Игі шара аясында жастар 54 бала түзетім білімін алатын «Ойыл аудандық психологиялық-педагогикалық түзетім кабинетіне барып, балалардың

қабілетін дамытуға ықпал ететін ойыншықтарды сыйға тартты. Келесі кезекте «Мешіттегі тазалық» шарасы аясында мешітке тазалық жұмыстары жүргізілді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, игі шарада мешіт ауласы қоқыстан тазаланды. Қыздарымыз мешіт ішіне тазалық жүргізді. Жетінші қайырымдылық шара барысында ерекше білімді қажет ететін балаларға, аз қамтылған, көп балалы отбасыларға тәтті сыйлықтар мен ойыншықтар таратылып, ата-ана мен балалардың қуанышына куә болды.

«БЕСҚОНАҚ» НЕМЕСЕ «ОТ АМАЛЫ»



Сәуірдің ортасына қарай елімізде күн салқындап, жаңбыр, тіпті қар да жауып жатады. Мұны қазақ «бесқонақ» немесе «от амалы» деп атаған.

Ежелде қазақ «бесқонақтың» алдында айға қарап көкке шыққан. Сәуірдің 5,6,7-сі күндері ай тоғысады. Осы үш күндегі ай тоғамына қарап, қазақ алдағы бір жылдың ауа райын болжап отырған. Осы ай тоғысынан кейін көп ұзамай «бесқонақ» басталады.

Бесқонақтың басталу уақыты әр өңірде әр түрлі. Бір аймақта бұл құбылыс 17-23 сәуірде болса, басқа бір өңірде сәуірдің 8-і кіріп, 18-шығады деп болжаған. Ал батыс аймақта «бесқонақ» 13-18 сәуір аралығында болады.

«Бесқонақ» келгенде күн суытып, қыс қайта басталғандай дала борап, жаңбырлатып тіпті қар да жауады.

«Бесқонақ» күндері қазақ сапарға шықпаған, малды да алыс жерге жаймаған. Себебі бұл күндері ауа райын болжау қиын. Қазақ сәуірде жауатын алғашқы жаңбырды жақсылыққа жорыған. Сәуірдегі жауынға қазақтар басын тосып:

«Көктемдегі жауын — сауып тұрған сауын», - деп айтқан. Яғни сәуірде жауған жаңбырдың емдік қасиеті бар деп есептегін. Халық сол жаңбырға басын тосса, жыл бойы басы ауырмайды, ауыртпалықтар кетеді деген наным болған.

Баяғыда бес адам жаз шықты деп жеңіп киініп, келесі ауылға қонаққа аттанған. Жолда аяқ астынан қарлы боран соғып, күн суытып кетеді. Сол жолда келе жатқан бес қонақтың бесеуі де адасып мерт болады. Осы оқиғадан кейін бұл күндерді «бесқонақ» деп атап кеткен екен.

«БЕСҚОНАҚ» ҚАЙДАН ШЫҚТЫ, ҚАШАН КЕЛЕДІ?

Қазақ «бесқонақ сәуірдің сегізіне кіріп, он сегізінше шығады» деп есептейді. Және бес алты күн әрі бері ауытқуы мүмкін екенін айтады. Қалай болғанда да сәуірдің осы бастапқы екі он күндігінде бесқонақ ырымдауға тиіс. Ауа райы бұзылып, қарлы жаңбыр не бірыңғай жауын жауады. Аяқ астынан күн суытып, қыс қайта оралғандай болатын кездері

де бар. Осыны білетін қазақ бұл шақты өлара деп әр кез сақ отырады. Жеңіл-желпі киініп алыс сапарға, жолға шықпайды. Малды тым ұзатып өрістетіп жаймайды. Дегенмен қыс пен көктемнің осындай тоғысар шағындағы ауа райының бұзылуын іштей тілейді, оны жақсылыққа жориды. Кей жылдары бесқонақ тыныш өтсе, бесқонақ быыл ырымдамады, жаз қалай болар екен деп алаңдайды. Көп жағдайда сол мазасыздануы бекер де болмайды. Айтқандай, жаз жауын-шашынсыз өтіп, жердің оты, астықтың шығымы бәсең болып жатады. Демек, бесқонақ — ауа райының қасқабағын баққан қазақтың өмірден түгінген сабағы. Оның алдамайтыны да содан.

Бесқонақ - байырғы қазақ күнтізбесінде қолданылып келген, жыл айларынан тыс алынатын бес күн. Нақты астрономиялық жылдың ұзақтығы бүтін күн санымен өрнектелмейді.

Ол жуық түрде 365,24 тәулік (яғни 365 күн 6 сағат) деп есептеледі. Тәуліктің ширегін жыл сайын күнтізбеге енгізіп отыру қолайсыз. Сондықтан қазіргі қолданылып жүрген Григорий күнтізбесінде бұл ширектерден 4 жылда 1 күн құралатындығы ескеріліп, әрбір 4 жылдың алдыңғы үшеуі 365 күннен, төртіншісі 366 күн болып алынған. Ал әрқайсысы 30 күндік 12 айдан тұратын қазақ күнтізбесінде 360 күн болды. Жыл толық болу үшін оған 5 (кібісе жылдары 6) күн қосу керек. Аптаға толмайтын осы 5 күнді қазақ халқы “Бесқонақ” деп атаған. Айлардан тыс алынатын мұндай күндер басқа халықтарда да болған. Мысалы, б.з.б. 4-мыңжылдықта Мысырда 360 күннен кейін қосылатын 5 күнді құдайлар атымен (Осирис, Гор, Сет, Исидя және Нефтида) атаған. Ежелгі парсы күнтізбесінде қосалқы 5 күн “фәнджи” немесе “андаргах” (“ұрланып кіретін” не “кетікті толтыратын”) деп аталған. Фәнджи парсылардың 8-және 9-айының аралығына қойылған. Ежелгі соғда мен Хорезм күнтізбелерінде де қосалқы күндер болған. Байырғы қазақ күнтізбесінде “Бесқонақ” үнемі жыл аяғына қосылып отырған.

Интернет иірімдерінен